



# SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады



Сүрет: АСВК-ның

## Ақбөкен күні – енді халықаралық мейрам!

Биылғы жылы бірінші рет ақбөкен мекендейтін елдерде – Қазақстан, Өзбекстан және Ресей (Қалмақия) – біруақытта Халықаралық ақбөкен Күнін мейрамдау өтті. Мұндағы ұсныныс Орал қаласында 2010 ж. жеселтоқсан айында үш елдің өкілдері кездескен кезде айттылған еді; РТЕС және SOS (қара; SN № 12) проектілерінің қаржылай көмегі арқасында «SOS сайга!» проектісі өткізген тәжерібе алмасу семинарында бұл идея көтерілген болатын. Келешекте «Ақбөкен күнін» басқа елдер мен региондарда ұйымдастыру жоспарлануда. Егерде Сіздер біздің ұсныстарымызды қолдайтын болсаңыздер біз қуаныштымыз, ақбөкенге және дала табигатына арналған халықаралық мейрамның бір бөлігі ретінде келесі жылы өздеріңнің жеке «Ақбөкен күнін» өткізіңдер.

### Қазақстан

Қазақстанда бұл мейрам биоэртурлілікті сақтаудың Қазақстан ассоциациясының, ақбөкенді сақтау Альянсының және Халықаралық «Фауна және Флора Интернешнл» (FFI) мемлекеттік емес ұйымның қолдауымен Батыс Қазақстан облысында атальп өтті. Бірінші рет Қазақстанда «Ақбөкен күнін» өткізуге тандап алған жер тегін емес – міне осы жерде өткен жылдың мамыр айында ақбөкендердің жаппай өлімжітімге ұшырауы байқалған еді. Бұл ұсныныс «Жалпы қауымның көнілін ақбөкеннің орал популяциясын сақтау мәселесіне аудару» жобасы төңірегінде іске асты (қара; SN № 12).

Ақбөкен күні Қазталов және Жәнібек аудандарының 5 ауылында 27-ші сәуірден 4-ші мамырға дейін өтті.  
(соны 2-ши бетте).

Шығуна қаржылық көмек көрсеткендер:



WCS CHINA  
国际野生生物保护学会

# Мазмұны

## Негізгі мақала

Быкова Е.А., Арылов Ю.Н., Климанова О.

Ақбөкен күні – енді халықаралық мейрам!.....

1

## Жаңалықтар

Реттегер К.

Казақстанда ақбөкенді сақтаудың негізгі бағыттарын

Семинар анықтады .....

4

Дүйсекеев Б.З.

Батыс Қазақстан облысында ақбөкендердің жаппай қырылуының тағы бір жағдайы.....

4

Грачев Ю.А.

Казақстанда 2011 ж. ақбөкенге самолетпен санақ жүргізудің нәтижелері.....

5

Холдкрофт Дж.

"Жабайы жануарларды қорғап қалу" көрмесі дүние жүзінен тамаша түрлерді жинады.....

6

Жарболова Д.

Ақбөкендерді қорғауга бүкіл халық болып жұмылайық!.....

6

## Баспа ақпараттарынан:

7

Қытайда ақбөкендер саны өсуде

Казақстанның басшы құрылымдары браконьерліктен курсесу үшін бірігуде

Сурет АСВК-нің



## Мақалалар

Мирошинченко В.Н.

Қалмақиядағы ақбөкен жылы: негізгі қортындылары мен келешегі..

9

Чимеддорж Б.

«Ұлы көл» (Батыс Монголия) бассейндегі ақбөкенді сақтау проектісінің жетістігі.....

10

Тиль Д., Тиль-Эгентер К.

2010 ж. "Степной" қорықшасына бару табысты болды .....

11

Сидоров С.В.

Солтүстік Батыс Прикаспийде 2011 ж. көктемінде ақбөкенге мониторинг жүргізуін алғашқы нәтижелері .....

12

Салемгареев А.

Ақбөкеннің бетпақдала популяциясына санак жүргізу үшін тепловизорлық және тікелей бақылау-инструментальды авиаасъемка әдісін сұнау .....

14

Амосов П.Н.

Басқыншақ көлі маңындағы ақбөкендер.....

15

Роадс К.

Ақбөкенді сақтау Альянсының SWOT-анализі .....

16

## Ақбөкенді сақтау - олардың өмірлік ісі

17

Жанын салып істеген кезкелген істің табысты аяқталатыны сөзсіз

Сурет АСВК-нің



## Проектілерге шолу

Ақбөкенді сақтау Альянсының проектілері .....

18

## Жаңа басылымдар.....

19

Соңы (басы 1-ші бетте)



Сүрәт А. Есілбековқи

аудан басшылары, қоғамдық ұйымдар мен акпараттар өкілдері қатысты. Поселкалар советінің басшылары және мектеп директорлары халықта құттықтау сөздер айтты. Олар өздерінің сөздерінде өткізіліп отырған шаралардың маңызды екеніне токтады; әрбір адам туған өлкесінің табигатын сактауға қатысу керектігіне көніл аударды, ал ақбөкен сол табигаттың бір бөлігі екендігі белгілі. Мектеп оқушылары қызықты концерттер койды. Оның алдында ақбөкеннің экологиясы және оны сактау жолдарына арналған арнаулы сабактар және дәстүрлі творчествалық конкурстар өтті. Конкурстың женимпаздары мен сондай белсенді мұғалімдер грамоталармен, сыйлықтармен марапатталды.

Әрбір мектеп ұмытылмайтындағы тамаша программа дайындаған. Жаслық поселкасындағы № 54 мектеп балалар мен олардың ата-аналары үшін спорттық жарыстар ұйымдастырылған. Биыл бірінші рет ересектер балалармен бірге ойындарға қатысты. Қарақалпакия поселкасындағы № 26 мектеп оқушылары казақ, орыс және ағылышын тілдерінде өлеңдер мен тақпақтар оқыды. Тілдерді жақсы білетіндіктерін байқатты. Әртүрлі билерде қонақтарды куантты. Қарақалпакия № 56 мектебінің оқушылары ақбөкенге байланысты ертегілер мен аныздар негізінде қуыршак спектакльдер койды; ондағы көп оқигаларды өздері ойлап шығарған.



Сүрәт А. Есілбековқи

Қарақалпакия поселкасындағы екі мектепте өткен жеке және творчествалық викториналарды қорушілерде қызыға тыңдады. Балалар ақбөкен мен далада тіршілік ететін басқа да жануарлар туралы жақсы білетіндерін көрсетті.

## Ресей

Қалмақияда Халықаралық ақбөкен күнін мейрамдау барысында Республиканың жабайы жануарлар Орталығында балалар үшін арнаулы экспурсиондық программа дайындалды. Бұл программа торлы қоршаудың (вольера) ішіндегі ақбөкендерге бақылау жүргізу, фильмдер көрсету мен презентация, Қалмақия мен ақбөкеннің таралған басқа елдердегі ақбөкендердің қазіргі жағдайы туралы әнгіме айту саяқты мәселелерді қамтыды. Сондай-ақ балалар викториналарды шешуге және спорттық жарыска қатысты. Бұл шараға Яшкөл және Черноземельный аудандарындағы ауылдық мектептердің балаларын қосқанда барлығы 250-дей адам қатысты.



*Басқа елдерден ақбөкен достарын табуға үміттенген балалар открытикамарга қол қойды.*

Қосымша хабарды Қазақстаннан Ольга Климановадан, [olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz); Өзбекстаннан Елена Быковадан, [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) және Ресейден Юрий Арыловтан, [kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru) алуға болады.



# Жаңалықтар

## Қазақстанда ақбөкенді сактаудың негізгі бағыттарын семинар анықтады

Реттгер Кристиан, ЮНЕП/КМВ Секретариаты, [CRoettger@cms.int](mailto:CRoettger@cms.int)

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылықтары комитеті мен ЮНЕП/КМВ Секретариаты 17-18 ақпанды (2011 ж.) Астанада КМВ-тың ақбөкенді сактаудың өзаратұсіні Меморандумының орындалуының техникалық сәйкестендіру мәселесіне арналған семинар өткізді. Қазақстанда бұл саладағы негізгі бағыттар келісілді. Қазақстанның табигат қорғау ұйымдарының екілдері ақбөкен жөніндегі Меморандумының орындалуын талқылады және тогай бұғысының казіргі жайы да әңгіме болды.

Кездесу кезінде ЮНЕП/КМВ Секретариаты Қазақстанның биоэртүрлілігін сактау ассоциациясымен (АСБК) және ақбөкенді сактау Альянсымен (ACC) шекаралық үстірт популяциясын сактауға арналған ортамерзімді халықаралық жұмыс программасын орындау үшін техникалық және ұйымдастыру жағынан көмектесу туралы келісім жасады.

Семинарга қатысушылар ақбөкеннің ауруларын зерттеу және келешекте жаппай қырылу процесін boldырмау үшін тез нақтылы шараларды енгізу сияқты негізгі бағыттарды талқылады. Жұмыс программасының басқа бағыты – браконьерлікті азайту бағытындағы

қорғау шараларын қүшейту мәселесі болды. Жергілікті тұрғындар үшін бұл түрдің мәдени және экономикалық маңызы барлығын түсіндіруде мәліметтер алмасудың үлкен роль атқаратындығы белгілі. Оның дала экосистемасы үшін де фундаментальды ролі зор. Ақбөкен таралған елдерде мәліметтермен алмасуды қүшейту - АСБК мен ACC-тің негізгі міндеттері. Олар бірлесе отырып, ақбөкенді сактаудың өзаратұсіні Меморандумының техникалық координациясын қамтамасыз етеді. Келесі қадам - *Saiga News*-ты шығару. Онда келісімді орындау бағытындағы жетістіктер сөз болды, ақбөкен жөніндегі Ресурстық орталықтың жаңа вебсайті, сондай-ақ ортамерзімді халықаралық жұмыс программасының орындалу бағыттарындағы проектілер мәліметтерінің базасы беріледі.

Семинар жөніндегі қосымша мәліметтер, семинардың есебі мен ұсыныстарын қоса, мына вебсайтта

[http://www.cms.int/species/saiga/other\\_saiga\\_meetings.html](http://www.cms.int/species/saiga/other_saiga_meetings.html)

Ортамерзімді 2011-2015 жж. арналған халықаралық жұмыс программасын табуга болады:

[http://www.cms.int/species/saiga/2ndMtg\\_Mongolia/Mtg\\_Report/Annex\\_5\\_MTIWP\\_2011\\_2015\\_E.pdf](http://www.cms.int/species/saiga/2ndMtg_Mongolia/Mtg_Report/Annex_5_MTIWP_2011_2015_E.pdf)



Астанада семинарга қатысушылар

## Батыс Қазақстан облысында ақбөкендердің қырылудың тағы бір жағдайы

Бакытбек Дүйсекеев, ҚР АШМ ОАШК жануарлар дүниесінің басқармасы, [cites@minagri.kz](mailto:cites@minagri.kz)

27 мамырда 2011 ж. орман және аңшылық шаруашылығының облыстық территориялық басқармасына Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Борсы ауылдық әкімінен «Айдарлы» деген жерде ақбөкендердің жаппай өлім-жітімге ұшырағаны туралы хабар түсти. Ақбөкендердің қырылған территориясының көлемі - 5 x 10 км. Өлген жануарлардың саны - 441 ақбөкен, оның ішінде 364 аналық және 77 лақтары. Андар өлген жерден тиісті

ғылыми зерттеу институттары мен лабораториялар өлген жануарлардан патологиялық материалдар, топырактан, судан, өсімдіктерден лабораториялық зерттеулер жүргізу үшін пробалар алды. Лабораториялық зерттеудің алдын-ала нәтижелері былтырығы жылғы сияқты (қара: *Saiga News*, № 11), ақбөкендердің бұл жолы да өлім-жітімге ұшырауы пастереллезадан (*Pasteurella multocida*) екендігін көрсетті.

Қазірде Комитет аурудың себептерін анықтап, келешекте мұндай жағдайларда тез арада алдын-ала ескерту үшін 2010-2011 жылдардағы Батыс Қазақстан облысы территориясында жаппай өлімге ұшыраған ақбөкендерді лабораториялық тексеру нәтижелерін зерттеу арқылы кортындылар мен ұсыныстарды дайындау мақсатында бұл жұмысқа халықаралық және ұлттық экспертерді жұмылдыруға шаралар қолдануда.

ҚР білім және ғылым министрлігінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемасы» ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, «Экология-эпизоотологиялық мониторинг және ақбөкендердің аса қауіпті ауруларына қарсы арнаулы профилактикалық және диагностикалық әдістерді ұсыну» ғылыми-зерттеу програмmasы дайындалды.

Облыстық территорияинспекциясы мен РГКП «ПО «Охотзоопром» инспекторлары орал популяциясын тұрақты бақылауға алып, мониторинг жүргізу. Бақылау жұмыстары ақбөкендердің қазіргі жайы тұрақталғанын көрсетті. 30 мамырда ақбөкендердің өлім-жітімі байқалған жоқ..

## Қазақстанда 2011 ж. ақбөкендерге самолетпен санақ жүргізуіндегі нәтижелері

Юрий Грачев, ҚРБФМ-нің зоология институты, [teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)

Қазақстанда ақбөкенге самолетпен санақ жұмысы 2011 ж. 7-27 сәуірінде жүргізілді. Оған зоология институтының, орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің, «ПО Охотзоопромның», облыстардың териинспекциялардың және биоэртурлілікті сактаудың Қазақстандық ассоциациясының қызметкерлері катысты..

Биылғы жылы санақ жүргізу методикасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Санақ жүргізу қатарының (полосы) ені екі шақырымнан 1,2 шақырымға қысқарды (әр жақта 600 метрден) және ол самолеттің қанатына бекітілген маркерлер (ұзын нәзік таяқшалар арқылы) арқылы қысқарды. Үшу биіктігі 120 метрге дейін ұлғайтылды. Жануарларды толық санау үшін алдынғы иллюминаторларға бекітілген фотоаппараттар пайдаланылды. Олар санақ жүргізуидың 600 метрлік қатарларына бағытталған.



Санақ кезінде фотоаппаратпен түсірілген ақбөкендер тобының бірі



Сұрет қозметчелікі

2010 ж. мамыр айында пастереллездан өлген ақбөкендер (орал популяциясы)



Сұрет А. Салемзаревелікі

Ақбөкеннің бетпақдала популяциясына санақ жүргізуге қатысуышылар. Торғай, 2011 ж. сәуірі.

Сонымен бірге, бұрынғы жылдардағы сиякты, бұрынғы әдіспен де (қатардың ені - 2 км) ақбөкендерді санау жүргізілді. Айту керек, шынында, қатардың ені 1,2 км болғанда дәлме-дәл санау жұмысы ұлғайды. Сандық айырмасы (экстраполяция жасағаннан кейін) әртүрлі популяцияларда – 1,3-1,8 мың ақбөкендей болды (қатардың ені - 1,2 км болған жағдайда) яғни саны өсті. Себебі, санау қатарының ені өсken сайын самолеттен алыстау тобын санақшылар жіберіп алуды мүмкін.

Санақ мәліметі бойынша, Қазақстандағы ақбөкеннің жалпы саны - 102 мындаі болды (2010 ж. – 85,5 бас.), оның ішінде бетпақдала популяциясының саны – 78 мың, үстірттікі – 6,1 мың, оралдікі – 17,9 мың бас. Былтырғы жылмен салыстырғанда, бетпақдала популяциясының саны өсті, үстірт популяция саны былтырғы дәрежеде қалды, орал популяциясының саны азайды.

# "Жабайы жануарларды құтқару" көрмесі дүние жүзінен өте сирек түрлерді жинауды

Джессика Холдкрофт, [holdcroft@sciencenorth.ca](mailto:holdcroft@sciencenorth.ca)


«Жабайы жануарларды құтқару» көрмесі – бұл жабайы жануарлар мен өздерінің өмірін осыларды аман сақтап қалуға арнаған адамдарға арналған ерекше акция. Оны үйымдастырған Кәдберіде, Онтариода, Канадада орналасқан «Солтүстік ғылыми» ("Science North"), ғылыми орталығы. Осы орталықта 10 айдай көрсеткен соң, бұл көрме Канада мен АҚШ-тың ғылыми орталықтарына қарай сапар шегеді.



Сурет А. Есаповеткі

Кәдберидегі ғылыми орталықта «Жабайы жануарларды құтқару» көрмесіне кіру

«Жабайы жануарларды құтқару» көрмесінің экспонаттарының бірі – жойылып кету қаупі бар барлық дүние жүзіндегі 30 жануарлардың суреттері бар төртфуттық айналып тұратын глобус. Глобустың бетінде сенсорлық экран бар; кнопканды басу арқылы келушілер әртүрлі жануарлар туралы қосымша мәліметтер ала алады. Келушілер суреттерді, видео және келтірілген материалдарды қараң, әр жануар туралы қызықты мәліметтерді алуға болады; неге олар жойылып кету қаупінде тұр? Оны болдырмау үшін не істеуге болады. Мұнда ақбекенде бар; Солтүстік Американың келушілері еуроазия даласының мекендеушісі - ақбекен туралы, сондай-ақ Калмақия Республикасындағы жабайы жануарлар Орталығы туралы мәліметтер алуға болады. Орталықтың және оның қызметкерлері жөніндегі суреттерді тамашалауга болады. Осы көрмедегі Орталықтың ақбекенді қолда өсіру, зерттеу және мониторингі туралы қызықты



Сурет М. Варонникі

Құрып кету қаупі бар түрлердің суреттері бар Глобус

материалдарды көреді. Сондай-ақ жұртышылыққа бұл тамаша түрді сақтаудың маңызды екенін насиҳаттайтыды.

Толығырақ: <http://sciencenorth.ca/exhibitsales/services-tour-wildlife.aspx>



Сурет М. Варонникі

Қалмақия Республикасының жабайы жануарлары орталығына арнаган біттері

## Барлық халық болып ақбекендерді қорғайық!

Данара Жарболова, АСБК, [danara.zharbolova@acbk.kz](mailto:danara.zharbolova@acbk.kz)

Ақбекенді және даланың басқа да жануарларын қорғаудың маңызы туралы әнгіме айту үшін жаздың қайнаған ыстығында, қыстың қатаң аязында бірнеше жүздеген шақырым жүруді қажет етеді. Осындағы мақсатты биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясының (АСБК) мониторинг және үгіт-насихат белімінің қызметкерлері алдына қойды. Олар Германияның қоршаган ортаны қорғау

министрлігінің марка Фондысы қаржысына міне екі жылдай уақыт ішінде ақбекеннің бетпақдала популяциясына жақын орналасқан селоларда белсенді оку-үгіт шараларын жүргізуде.

Әрбір елді мекенде АСБК командасы мектеп оқушыларымен, ауыл әкімшіліктерімен, жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізеді. Әрбір аудитория үшін белгілі материалдар, документальды фильмдер

және информациялық-оқулық мәліметтер дайындалған. Төменгі сыныптағы оқушылар үшін олардың аудиторияларына сәйкес мәліметтер қызықты және олар тез ұфатын формада қимылды ойындар түрінде беріледі. Екі жыл ішінде Германияның коршаған ортаны корғау Министрлігі қаржыландырған бұл проект едәуір нәтижелерге жетті; ауыл тұрғындарына информациялық мәліметтер берумен қатар оларды оқыту-корғау шараларымен бірге жүргізілетін жұмыстардың басты белімі болып табылады.

Көрсетілген уақыт ішінде АСБК мамандары Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында 50-ден аса елді пункттерде болды; 110-нан аса кездесулерді әртүрлі группалармен өткізуге тұра келді. 6000 аса адам қатысты. Бұл кездесулер тек ауыл тұрғындарын «оқытуды» ғана көздеген жок, сонымен бірге екі жақты пікір алуды көздеді. Ауыл тұрғындары пікір алысуға ашық қатысады, ақбөкенді сақтауга бағытталған проблемаларды талқылайды; өздерінің пікірлері мен ойларын ашық айтады.

Мұндай диалогтардың басты актуальды тақырыптары: браконьерліктің себептері, жануарлар мекендейтін жерлер және тіршілік ету жағдайларының өзгеруі, әсіресе ақбөкенді биоэртурлік және экосистема үшін сақтаудың маңызы, жалпы, аңшылық шаруашылықтарымен бірлесіп жұмыс істеу.

Осы проектінің барысында алынған тәжрибе, сонымен

бірге методикалық және информациондық-оқыту материалдары кең көлемді акция өткізуде пайдаланылды. 2011 жылдың 12-25 наурыз аралығында ҚР-сы АШМ-ның орман және аңшылық шаруашылық комитеті ақбөкендерге ұқыптылықпен қарau және оларды сақтауга көмектесу бағытында жергілікті тұрғындарды экологиялық ағарту және тәрбиелеу жонінде үгіт-насихат шараларын өткізді. Акция мынадай ұранмен (девизін) өтті: «Барлық халық болып ақбөкендерді қорғайык!». Ақбөкен таралған жерлерде орналасқан селоларда кездесуді өткізу үшін арнаулы екі бригада құрылды. Олардың құрамына орман және аңшылық шаруашылықтарының территорияльдық инспекция, РГКП "ПО "Охотзоопром", АСБК, СМИ және құқықтық корғау органдарының өкілдері енді. Бригадалар техникалық жағынан жабдықталған машиналармен ақбөкендердің қоныс аударатын жолдарында немесе олардың көптеп топтанған жерлердегі Қарағанды, Қостанай және Қызылорда облыстарындағы аудан орталықтары мен алыс елді мекендерде болып, видео-фото-информациондық материалдар арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Ақбөкенді сақтау жұмысына қатысқан барлық ұйымдар мұндағы шаралар тек бір кезде ғана болатын акция болмай, барлық ұйымдар мен ауыл тұрғындарының жүйелі бірлескен жұмыстарының бір бөлігі болуы керектігі анық.

## Баспасөздерден

### Қытайда ақбөкендер саны есті

2011 ж. 26 сәуірінде солтүстік – батыс Қытайдағы Ганьсу провинциясында орналасқан сирек жануарларды зерттеу Орталығында 31 ақбөкен лағы дүниеге келді. Ақбөкендердің жалпы саны 105-ке жетті. Бұл тұр Қытай жерінен жойылып кеткен; оны соңғы онжылдар ішінде мұнда табылмауы дәлелдейді. 1988 ж. оншақты ақбөкендер Орталыққа басқа елдерден әкелінген болатын, қалған жануарлар Ганьсүде туды. Орталықтың қызметкерлері жабайы табиғатқа жерсіндіру үшін ақбөкендер санын есіруді көздейді. Толығырақ:

<http://english.peopledaily.com.cn/90001/90776/90882/7395693.html>

### Қазақстанның басшы құрылымдары браконьерлікпен күресу үшін бірігуде

2011 ж. 21-шы мамырында Қостанай облысының прокуратурасында ішкі істер министрлігінің және ауыл шаруашылығы министрлігінің, халықаралық табиғат корғау ұйымдарының, облыстар ақиматтары мен ішкі істер департаменттерінің, бірқатар облыстардың прокурорлары өкілдерінің катысуымен ақбөкендер популяциясын сақтау және браконьерлікпен күресу проблемаларына арналған регионалық жиналыш болды. Мәжілісте ақбөкендер популяцияларын қалпына келтіру жолындағы басты кедергі-браконьерлік екендігі атап айттылды. Әсіресе, ақбөкеннің текелерін

жыртқыштық жолмен құрту жануарлардың табиғи жолмен өніп-өсүін қынданады, тіпті түр есебінде ақбөкеннің жойылуына әкеп соғуы мүмкін. 2010 ж. ақбөкен текелерінің үлесі Бетпақдала мен Орал популяцияларында 12% болса, Үстіртте бар болғаны 6% болды.

Мәжіліске тәрағалық еткен Бас прокурордың бірінші орынбасары Иоган Меркель Ишкі істер Министрлігінен дер кезінде браконьерліктің жолын кесу, оның фактілерін анықтау, оларды тез ұстауға тырысу және бұл қылмыстық істерді сапалы тексеру сияқты жедел шараларды қолдануды талап етті. Сондай-ақ жануарлар дүниесін корғау ұйымдарымен бірлесіп оперативті жұмыс істеуді тапсырды. Ауыл шаруашылық министрлігіне орман және аңшылық шаруашылығының территориялық инспекцияларының және РГКП «ПО Охотзоопром»-ның тиімді жұмыстар істеудін арттыру керектігін атап өтті. Әсіресе, қызметкерлердің жауапкершіліктерін арттыруда сөз болды. Прокуратуралар органдарының алдына құқықтық корғау органдар қызметтерін координация жасау, жануарлар дүниесін корғау, өсіру және пайдалану заңының қолдану жүйесін бақылау міндеттерін тапсырды. Сондай-ақ мәжілісте облыс территориясында «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерватын тезірек ұйымдастыру мәселесі де сөз болды.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2381977>.

ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті МВД-нің административтік (әкімшілік) полициясымен бірлесіп, ақбөкендерді зансыз аулау және олардың өнімдерін өткізуге катаң шаралар қолдануды тапсырды. Қазіргі қолданып жүрген заңдарға сәйкес

браконьерлер тек ақшалай айып төлеумен ғана құтылады. Қылмыстық кодексте браконьерлердің каруларын, көліктерімен қоса, конфискилеуді қарастыру ұсынылады. Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің төрағасы Ерлан Нысанбаевтың пікірі бойынша, колданылатын шараларды қатаандату жабайы жануарларды атуымен айналысатын үйымдастан топтар санын азайтуға мүмкіндік береді.

Толығырақ мынада <http://vesti.kz/society/79547>.



### Қазақстанның іскер адамдары ақбөкеннің және мүйіздімсектардың мүйіздерін сатып алуға дайын

2011 ж. 4 мамырда Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы ақбөкендер төлдейтін кезеңде браконьерлермен құресуді қүшету және «Бекіре-2011» оперативті-профилактикалық шараларды өткізу туралы ведомствааралық мәжіліс өткізді. Мәжіліс жұмысына мүдделі мемлекеттік үйымдар мен РГКП «Охотзоопром» қызметкерлері қатысты. Браконьерліктің жолын кесу және ұстау, келешектегі бірлесіп жұмыс істеу әдістері мен жолдары талқыланды; бұл салада атқарылып жатқан жұмыстары туралы мүдделі үйымдардың есептері тындалды.

Толығырақ мынада

<http://www.zakon.kz/kazakhstan/213154-prokuraturoj-zkoprovedeno.html>.

## Браконьерліктер мен заңсыз сауда жасаудың жолын кесу оқиғалары

### Үстірт популяциясы

#### 2011 ж. қантары - Өзбекстан

«Арсенал» операциясы барысында ішкі істер бөлімінің (ОВД) қызметкерлері Жаслық поселкасының тұрғындарынан тіркелмеген екі нарезной аңшылық мылтығын алды. Бұл заңдылықты бұзған факті үшін қылмыстық іс қозғалды, 243 статьяға «зансыз мылтықты сактау» сәйкес; сottың шешімі бойынша, айыптыларға штраф салынды. Сонымен бірге жергілікті тұрғындар 4 тіркелмеген мылтықтарды өздері әкеліп тапсырды.

Жаслық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері мен Өзбекстанның Госкомприродасының Госбиоконтрольдың арнаулы амудария инспекциясы жүргізген рейд аркасында 8 тіркелмеген мотоциклдер қолға түсті.

#### 2011 ж. маусымы - Қазақстан

Ішкі істердің линейлік бөлімінің қызметкерлері Атырау станциясында «Саратов-Ташкент» пассажир поезді вагонынан Өзбекстан Республикасы Самарканд облысында тұратын 33-жастағы еркекті ұстады. Ол

алынған, тексеру жүргізілуде.

Толығырақ <http://news.gazeta.kz/art.asp?aid=342637>.

### Бетпақдалы популяциясы

#### 2010 ж. 26 желтоқсаны – 2011 ж. 15 қантары

Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай және Қарағанды облыстарында Ишкі істер Министрлігінің қызметкерлері мүдделі мемлекеттік үйымдарымен бірлесіп, ақбөкендерді заңсыз аулау фактілерін анықтауға және ұстауға бағытталған "Ақбөкен" операциясын өткізді. Операция нәтижесінде бес браконьер ұсталып, олардан ақбөкен мүйіздері мен басқа да өнімдері алынды. Сонымен бірге, табигат қорғау заңдылықтарын бұзған 45 оқиға белгілі болды және аңшылық мылтықтарды сактауда арнаулы ережелерді бұзғандары да байқалды.. Толығырақ

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1133168098&chapter=1153531179>.

#### 2011 ж. 18 қантары

Қызылорда облысында табигат қорғау полициясы "Охотзоопром" инспекторларымен бірлесіп, 8 жаңа ғана араланып алынған ақбөкеннің мүйіздері бар браконьерлерді ұстады. Бұл факті бойынша УК РК 288 статьясына сәйкес қылмыстық іс қозғалған «Зансыз аң аулау». Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2341522>.

#### 2011 ж. акпаны.

Қызылорда қаласында көп этажды үйдің ауласында орналасқан гараждардың бірінен табигат қорғау полицеілері 3 ақбөкеннің тушасы мен терісін тауып алды. Гараждың иесі оларды белгісіз адамдардан өз мақсаты үшін сатып алғанын хабарлады. УК РК-ның 183 статьясы бойынша гараж иесіне қылмыстық іс қозғау мәселесі шешілуде, «қылмыстық жолмен ауланған заттарды сатып алу немесе өткізу». Толығырақ <http://kt.kz/?lang=rus&uin=1138536468&chapter=1153533396>.

Жезказған қаласынан 30 шақырым жерде мемлекеттік кәсіпорын "Охотзоопром" қызметкерлері еki УАЗ машиналарын тексерген кезде аңшылық мылтықтың бірнеше түрін, 6 коянның тушасын (ұша) және 7 ақбөкеннің терісін тапты. Автокөліктің тоқтаған жерінен алыс емес жерден пакеттерге оралған ақбөкен еттерін, 4 кесілген бастар, 9 аң аяқтары және 3 пар жаңа ғана кесілген ақбөкен мүйіздері табылды. Ұсталған көлік жүргізуілер біз жануарларды атканымыз жоқ, ал тушаларды Жезді өзенінің жағасынан тауып алдық деп баяндады; осыдан кейін барып, етті бұздық. Ет пен терілер судебно-ветеринарлық экспертизаға берілді, ал мылтық судебно-баллистыкалық экспертизага табыс етілді, өйткені осы мылтықпен өлтірілген жануарлар атылып алынды ма, соны білу керек кой. Экспертизының қортындысы бойынша ұсталғандарды браконьерлік үшін жауапқа тарту керек пе немесе қылмыстық іс қозғаудан босату керек пе, осы мәселелер шешіліп жатыр. Толығырақ

<http://kt.kz/?lang=rus&uin=1138536468&chapter=1153532553>.

#### 2011 ж. 18 наурызы - Қазақстан

Ырғыз ауданы ішкі істер бөлімінің тереңеуші – оперативтік группасы Ырғыз-Торғай табиги резерваты территориясынан браконьерлер бар автокөлікті ұстады.

Автокөлікті қарағанда оның багажнігінен ақбөкеннің бір тушасы және аңшылық мылтығы алынды. Бұл факті бойынша УК РК 288 статьясы сәйкес қылмыстық іс қозғау мәселесі шешіліп жатыр; «Зансыз аңшылық жасау»; Күдіктілер ешқайда кетпеуге тиісті.

Толығырақ <http://inform.kz/rus/article/2363159>.

#### 2011 ж. 5 мамыр

Қостанай облысының аңшылық және орман шаруашылығы инспекциясы қызметкерлері үш джип автомашинасымен аң аулап жүрген браконьерлерді үстады. Бұл фактіге байланысты тергеу жүргізілуде. 2010 ж. Қостанай облысында браконьерлер қолынан 225 ақбөкен өлген деген хабар бар.

Толығырақ <http://vesti.kz/society/84621>.

#### **Солтүстік-Батыс Прикаспий популяциясы**

##### 2011 ж. 23 сәуір

Астрахань облысы территориясынан 49 жастағы Яшкөл

ауданының тұрғыны ұсталған. Ол өз машинасымен екі ақбөкен тушасын әкеле жатыр екен. Ұсталған браконьер зансыз аң аулаудан кейін ақбөкен етін Астрахань қаласына әкеле жатқанын мойындағы. Оған ірі айып құнын төлеумен бірге, «қылмыстық жолмен ауланған аңдар» үшін қылмыстық жауапкершілікте күтіп тұр.

Толығырақ

[http://www.elista.org/index.php?option=com\\_content&view=article&id=11290:2011-04-25-12-14-35&catid=1:latest-news&Itemid=2](http://www.elista.org/index.php?option=com_content&view=article&id=11290:2011-04-25-12-14-35&catid=1:latest-news&Itemid=2).

#### **Монголия**

Откен жылдың қараша айында Гоби-Алтай аймағында (Баян-ул ауданы) зансыз 5 ақбөкенді аулап алғаны үшін браконьерге апеляционный сот 4 миллион монгол тугригі көлемінде айып пұл салып, 1.5 жылға түрмеге жауып қойды.

# **Мақалалар**

## **Қалмақияда ақбөкен жылы: негізгі қортындылары мен келешегі**

*Мирошинченко В.Н.*

Қалмақия Республикасының табиғи ресурстар, коршаған ортаны қорғау мен энергетиканы дамыту  
Министрлігі, [v.miroshnichenko@rk08.ru](mailto:v.miroshnichenko@rk08.ru)

Республика басшысының Указымен Қалмақияда 2010 жыл – ақбөкен жылы деп жарияланған. Биоэртурлілікті сақтаумен айналысатын жергілікті экологтардың басты міндеттерінің бірі – көне дәүірдегі мамонт фаунасының өкілі – ақбөкенді сақтау проблемасы болып табылады. Соңғы жылдардың ақбөкеннің саны күрт азайды – 1997 ж. – 270 мыңдай ақбөкен болса, қазіргі онжылдықтың басында оның саны 14-16 мыңдай ғана болды. Эксперттік баға бойынша және ФГУ «Центрхотконтроль» қызметкерлерінің ҚР-сының табиғи ресурстары, коршаған ортаны қорғау және энергетиканы дамыту министрлігінің мамандарымен бірігіп жасаған 2009 ж. санақтың нәтижесі бойынша, келтірілген көрсеткіш бар болғаны 8-10 мыңдай ғана болды.

Қалмақия Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 15 желтоқсанындағы (№ 377-р) жарлығымен ақбөкен жылын өткізу шараларының жоспары бекіген болатын. Жауапты орындаушылар ішінде мына үйымдар бар: республиканың өкіметтік органдары, федеральды мемлекеттік үйымдар, ғылыми-зерттеу колективи және білім беру мекемелері.

Ресейдің биоэртурлілікті сақтау Үлттық стратегиясында басты бағыт – организмдерді сақтау «in-situ» (табиғи ортада өмір сүру) болып табылады. Мұнда мекендейтін қоныстарында ақбөкендерді қорғау шараларына үлкен мән берілген. Бұл үшін ҚР-ның Минприродасында негізінен ООО «ШеллНефтегазДевелопментШ» кампаниясының қаржыландыруымен жұмыс істейтін ақбөкендерді қорғайтын арнаулы білім үйімдастырылған.



Сурет Г.Виноградовани

**Жаңа ғана тұган ақбөкен лағы**

Жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау саласында зандылықтардың сақталуын қадағалап бақылау үшін ҚР-ның Минприродасының инспекторлары Республиканың аудандарында тұрақты рейдтар өткізді. 2010 ж. 63 рейдтерге шығу болды. Оның барысында аңшылық зандылықтарын бұзған 10 оқиға белгілі болды. УК РФ-ның 258 статьясына сәйкес (зансыз аңшылық жасау) 7 қылмыстық іс қозғалды және зансыз 19 ақбөкенді атып алған 3 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

ҚР-ның Минприрода қызметкерлері ақбөкенді қорғау рейдтерінде болғанда жергілікті тұрғындар арасында түсінік және насиҳаттау жұмыстарын жүргізеді. Бірақ браконьерлік жасау деңгейі Республиканың шығыс

аудандарында, ақбөкен қоныстарында, әлі де жоғары. Негізгі себеп – экономиканың тұралықтарының жұмысынан және женіл олжага үмтесу. Бұл жағдайда Республиканың құқықтық қорғау және табиғат қорғау үйімдарының оперативтік – іздеу және информациондық – профилактикалық жұмыстары жоғары дәрежеде емес, житкіліксіз.

2010 ж. ақбөкен популяциясын қорғау және қалпына келтіру мәселелері жөнінде мұдделі жақтар арасында бірлесіп жұмыс істеуді күшетту мақсатымен ведомствоаралық комиссия мен группалар құрылған болатын (ФГУ «Центрхотконтроль», мемлекеттік табиғи биосферный қорық «Черные земли», ГУ «Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы», Қалмақияның мемлекеттік университеті, аридный территорияларды комплексты зерттеу Институты).

ҚР-ның жабайы жануарлар Орталығының қызыметкерлері ақбөкеннің биологиясын зерттейді және жануарларды қолда өсіру және ұстау технологиясын дайындауда. Орталықтың бұл бағыттағы жұмыстарына қаржының жетіспеуі кедегі келтіреді; бұған қарамастан, тек питомниктер мен зоопарктар табиғатта жойылып кету қаупі бар жануарлар популяциясының генофондыларын сақтайтын бірден-бір сақтау орны болып табылады.

Республикада ақбөкен жылында ақбөкенді қорғау акциясы мен көптеген шаралар жүзеге асты. Мәселен, ҚР-сы білім, мәдениет және ғылым министрлігі мына шараларды өткізді: Республиканың биология мұғалімдері үшін семинар; жастардың экологиялық форумы; инновациондық проектілер көрмесі; балалар

суреттерінің конкурсы; «Ақбөкен туралы өлеңдері» фестивалі және бірқатар басқа да шаралар.

Тек ақбөкеннің биологиясы мен экологиясын терең ғылыми зерттеу міндеті шешілмей қалды. Алдымен, Республикада ақбөкенге санақ және мониторинг жүргізетін қызмет үйімдастыру керек; ол үшін оған әртүрлі құрылымдарды тарту қажет, оның ішінде федеральдық жобалау және ғылыми үйімдар бар.

Ақбөкен жылында істелген жұмыстарды қортындылау ведомствааралық мәжілісінде мыналар атап өтті: ақбөкен таралған барлық елдерде оның саны қалпына келтіру шараларын дайындал, Қытаймен, Қазақстанмен, Өзбекстанмен және Түркменистанмен халықаралық келісімге қол қою үшін Ресей Федерациясының Үкіметіне өтініш беру керек; Ресейден ақбөкен мүйіздерін алып кету шараларын тоқтату үшін Федеральдық Кеден қызыметіне де өтініш жасау қажет. Қалмақия Республикасының Хуралына (Парламенті) құқықтық инициатива ретінде Федеральдық жиналыстың Мемлекеттік думасына заңсыз ақбөкендерде аңшылық жасағандарды катаң жазалауды қарастыратын нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсыну қажет.

Ресейде ақбөкендер популяциясын сақтау тек экологикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық проблема болып табылады; оны барлық мемлекеттік дәрежеде әртүрлі әдістермен шешу керек. Тек осы жағдайдаған Солтүстік-Батыс Прикаспий құлпырған бидайық даласында бұл керемет антилопаңың көптеген топтарын көріп, келешек үрпақ қызыға алады.

## Ұлы көлдер (Великих озер) бассейнінде (Батыс Монголия) ақбөкенді сақтау проектісінің жетістігі

Чимеддорж Б.

WWF-Монголия, [chimeddorj@wwf.mn](mailto:chimeddorj@wwf.mn)

WWF-Монголия (жабайы табиғаттың дүние жүзілік коры-Монголия) Монголияның Алтай-Саян экорегионында ақбөкенді сақтау проектісін қолданған үшін MAVA фондсына рахметін айтады. Проектінің ұзақмерзімді мақсаты: «Ұлы көлдер» (Великих озер) бассейнінде монгол ақбөкеннің экологиялық күйін бақылау және санын қалпына келтіру, сонымен бірге бұл жануардың бұрынғы қоныстары есебінен оның ареалын көңейту болып табылады. Соңғы уақытта бұл түрдің жағдайы едәуір жақсарды; саны 8 мыңға жетті. Бұл 2007-2010 жылдары атқарылған үлкен және тиімді қорғау шараларының арқасында жүзге асты: құқықтық актілерді қолдану, жергілікті тұрғындармен тиімді жұмыс істеу, сол арқылы ақбөкенге прессалар әсерін төмендетеу, үй малдары жайылмайтын қоныстарда ақбөкендердің мекендеуін үйімдастыру.

Біз мынаны қуанышпен айта аламыз: ақбөкеннің барлық ареалында инспекторлар – еріктілер сеттері жұмыс істейді. Олардың құрамында жергілікті общиндар өкілі; сонымен қатар браконьерлермен күрес жүргізетін мобильді группа жұмыс атқарады. Ақбөкен санының төмендеуі тоқталды және оның саны есе бастады.

Үй малдары мен ақбөкендер арасындағы жайылымдар мен су көздері үшін конкуренцияны (таласты) азайту мақсатымен ақбөкен көп мекендейтін басты

общин малшыларынан группалар үйімдастырылды; бұл ақбөкендердің сақтау мақсатындағы жайылымдарды экологиялық жағынан дұрыс басқару болып табылады. Малшылардың бірінші общинасы жабайы жануарлар үшін жайылымдарын 2009 ж. Қоқтемнің аяғы мен жазда босатуға келісті (көбею кезеңі). Бұл шараның дұрыс екенін күзде оралған кез көрсетті – жайылым кыста үй малдарының қыстап шығуына жағдай жақсы болды. Соның нәтижесінде, 2009-2010 жылдың катаң қысына қарамастан, малдар өлімі болған жок.

Қарақүйрық сияқты сүткоректілер мен жыртқыш құстар тәрізді басқа түрлер популяциялары үшін қорғауды жақсарту мен аң мекендерін дұрыс басқару оларға жақсы әсерін тигізді; олардың сандары өскендігі байқалды. Шарғин Гобиге дзеренің қайтып оралуы – бұл проектінің тамаша жетістіктерінің бірі.

Бұл проект экологиялық білімге де едәуір үлес косты. Белгілі дайындықтан өткен инспекторлар мен жергілікті мұғалімдердің қолдауымен барлық проекті территориясында жастар клубы жұмыс атқарады. Мектептер мен жастарды тарту малшылар семьялары арасында ақбөкенді сақтау идеясын таратуға көмектесті және жергілікті тұрғындар жағынан қолдау алуға мүмкіндік тудырды.

«Самолетпен санақ жүргізу – Монголияда ірі сүткоректілердің сақтаудағы жана тәсіл» проекті

Монголияда бірінші рет ақбөкен мысалында мойындаған халықаралық әдістерді қолданумен жүргізілген. Бұл авиаучеттың нәтижесі мен әдістемесі (8016 ақбөкен 40% анықтық деңгейімен) ақбөкен жөніндегі монгол және халықаралық экспертермен қабылданған. Осы нәтижелердің негізінде популяцияның келешек мониторингі үшін жер бетінде санақ жүргізу методикасы дайындалады.

Бұл нәтижелер ақбөкен популяциясының санының тұрақталу және қалпына келу процесіне проектінің үлкен үлес қосқанын көрсетеді. Бар қаржының көмегімен келесі үш жылда бұл процесс жалғасады, сөйтіп бұл Великих озер бассейнде ақбөкен популяциясының есүіне көмектеседі әрі аңың бұрын мекендеген жеріне қарай таралуына мүмкіндік береді. Бұл проектінің 2-ші фазасы 1-ші фаза кезінде орындалған жұмыстарды көнектіп, орындауға бағытталған:

- Браконьерлікті болдырмауга бағытталған жұмыстар, инспекторлар мен маңызды үкіметтік мекемелердегі табигат қорғау қызметіне тартылған персоналдар потенциалдарын күштейтуге бағытталған құқықтық қорғау және басқа жұмыстарды жалғастыру.

- Ақбөкеннің негізгі мекендейтін жерлерде (мысалы, төлдейтін мекендері) малышылардың қауымдарында (община) бірлесіп қызметтер атқару көлемдерін көнектіу және күштейту арқылы үй малдары

мен жабайы жануарлар үшін қолайлы жайылымдарды баскаруды орнату.

- Проектінің сақтау мен қолдау үшін (әсіресе, жайылымдарды тұрақты басқару мақсатында) өсіп-келе жатқан жастарды және ауыл тұрғындарын оқыту және олардың хабарлар болуын күшейту.

Мұның барлығы жайылымдарға прессаның азауына көмектеседі; кездейсок жағдайларда малдар жайылмайтын резервный жайылымдар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл проектідегі негізгі инновациондық тәсіл болып табылады. Екінші фаза 2013 жылдың аяғында Шаргин мен Хүйсин Гобидегі ақбөкен санын, 2010 жылмен салыстырғанда, 30%-ке өсіруге бағытталған.

Бұл мақсат қазіргі кол жеткен табыстарды бекіту, малышылардың общиналары жағынан ақбөкендердің негізгі қоныстарын жаксарту және көнектіу арқылы монгол ақбөкен популяциясының санының кемуін тоқтату арқылы орындалуға тиіс. Проектінің 2-ші фазасын WWF-Монголия Ховдеде орындауды. WWF-Монголия ұлттық деңгейде құрамында Монголияның қоршаған орта және туризм министрлігінің, азық-түлік және ауыл шаруашылығы министрлігінің, ғылым Академиясының, WCS-тің және жергілікті басшылардың өкілдері енетін консультативті совет ұйымдастырады. Бұл проектінің саяси жағынан қолдауды, тиімді басқару және координация жасауды қамтамасыз етеді.

## 2010ж. "Степной" қорықшасына жемісті сапар

Тиль Д., Тиль-Эгентер К.

Балық және аңшылық ресурстары Департаменті, СІС-тің Швейцарлық бөлімі, [dominik.thiel@ag.ch](mailto:dominik.thiel@ag.ch)

**Астраханның оңтүстік-шығысында орналасқан "Степной" қорықшасының шексіз даласында май айының көші. Аспанда боз торғайлар ән салса, ескен жеден бидайқтар тәңіздеңі толқындар сияқты тербеледі. Бинокль арқылы шексіз даланы қараудамыз. "Степной" қорықшасының директоры Анатолий Хлуднев тыныштықты узды: «Міне олар!». Шынында, горизонтта толқындар сияқты бидайқты дала тербеледі. Ақбөкендер, біздің бірінші жабайы ақбөкендер. Келесі күндері далада лагерь құрып, күн сайын ақбөкендерді бақылауға мүмкіндік болды. Бірақ бүгінде ақбөкеннің ірі топтары кездеспейді, мұндай жағдай бұдан бірнеше жыл бұрын кездесетін еді.**



"Степной" қорықшасының директоры Анатолий Хлуднев 2010 ж. мамырында ақбөкендердің шағын тобын бақылауда

2010 ж. мамырында біздің сапардың мақсаты - "Степной" қорықшасында ақбөкендердің сақтау шараларымен танысу және оларды қорғауға жауапты адамдармен әңгімелуе. Біз потенциальды проблемалар туралы, адамдар мен ақбөкендер арасындағы қарым-қатынастар, бұл жануарларды сақтау шараларының тиімділігі және қорықша қызметкерлерінің жабдықталуы туралы көбірек білгіміз келді.

Жер көлемі 800 км<sup>2</sup> болатын қорықша 2000 ж. Солтүстік-Батыс Прикаспийде ұйымдастырылған, Қалмақия Республикасы шекарасына жақын орналасқан. Ол – Астрахань облысының оңтүстік-батысында. Жақын орналасқан елді пункт – Лиман поселкасы, қорықшаның шығыс шекарасынан 80 км. ақбөкеннің жергілікті популяциясының саны 1980 ж.

380 мың болса, ол 2010 ж. ортасына қарай 12 мыңға дейін қысқарды. Жақындағы бақылаудың нәтижесі сақталып қалған ақбөкендер саны 8 мыңнан томен екендігін көрсетті. Мекендейтін жерлерінің шөлге айнала бастағанына қарамастан, ақбөкендердің сақталуына басты қауіп – браконьерлік. Үш текенің мүйізінің құны – бірайлық жалақыға тең. Бұл регионда жұмыссыздық деңгей жоғары, өзін-өзі қамтамасыз ету төрөн таралған, жақсы еңбекақы және оның келешегі тек қалалардаған. Сондықтанда, браконьерлік жасау – жас ауыл тұрғындарының бірден-бір үміті; яғни браконьерлік деңгейі жоғары.

Анатолий Хлудневпен, оның қызметкерімен және басқада жергілікті тұрғындармен көптеген жемісті әңгімелер табиғи ортада ақбөкен популяциясын сактаудың сонша қын екендігіне біздің көзімізді жеткізді. Даладағы біздің тіршіліктегі тәжірибелі көлеңке беретін, құрылыс материалы болатын ағаштарсыз, ақкан сусыз қын екенін көрсетті; "Степной" қорықшасының проблемаларына көмектесу қажеттілігі туады. Біздің сапарамызда, бұдан кейін, "Степной" қорықшасында алға қойған мақсаттары бар директор Анатолий Хлуднев басқарған үйімшыл егерлер группасындағы коллективті, көргеніміз жоқ. Оның қызметі ақбөкенді сактау

Альянсының Кіші гранттарымен наградталды және одан кейін СІС-тың (құстар мен жабайы табиғатты қорғаудың Халықаралық советі) Швейцарь делегациясы жағынан қаржылай қолдау тапты.

Браконьерлермен күресуді жалғастыра беру мүмкіндігіне ие болу үшін Анатолий группасына керекті мөлшерде бензин алу үшін және егерлерге жалакы беру үшін қаржылар қажет. Олардың күнделікті енбектерінсіз



Сирек М.Воронцованикі

"Степной" қорықшасының инспекторлар группасы, Астрахань облысы, директоры Анатолий Хлудневпен бірге (оң жақтан үшінші)

акбөкендер құрып кетуі мүмкін; тамаша даламыз өздерінің негізгі иесі - осы жануарды жоғалтады. Сондықтанда ақбөкендерді сактау Альянсының кіші гранттары тәрізді қаржылық көмекті қажет етеді.

Біз Анатолийге және оның қызметкерлеріне бізге даланы және ақбөкенді таныстырғаны үшін және ақбөкенді сактаудағы өзінің табысты проектісін көрсеткені үшін улken алғысымызды айтқымыз келеді!


## 2011 ж. көктемінде Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен мониторингінің алғашқы нәтижелері

Сидоров С.В.

ФГУ «Центрохотконтроль», [in.for\\_sidorov@list.ru](mailto:in.for_sidorov@list.ru)

2011 ж. 21 сәуірде Ресей Федерациясы табиғи ресурстар мен экология Министрлігінің мемлекеттік политика және аңшылықты реттеу және аңшылық ресурстарды сактау Департаментінің директоры А.Е.Берсеневтің басшылығымен әртүрлі ведомствалардың өзара байланысы (Минприроды России, Минприроды Республики Калмыкия, ФГУ «Центрохотконтроль», ФГУ ГПБЗ «Черные земли») және Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясының қазіргі жайын бағалау жұмыстарын үйімдастыру туралы мәжіліс болды. Жинальста қабылданған шешім бойынша жұмыс группасының құрамы бекітілді; ақбөкен популяциясын зерттеудің қажетті шаралары КР-сы Минприродасының жалпы басшылығымен (Каминов Ю.Б.), РК-сы Минприродасы және ФГУ ГПБЗ «Черные земли» оперативті басшылығымен және ФГУ «Центрохотконтрольдің» (Сидоров С.В.) методикалық басшылығымен іске асуы керек. Зерттеудің негізгі міндеттері-популяция жөнінде сандық баға алу және ақбөкен лактариның тұган алғашқы күндерінде олардың сакталып қалу мүмкіндігін анықтау.

Ақбөкендер лактар алдында «Черные земли» қорығының солтүстік белгілі территорияда және далалық участкаларде (Элиста қ. – Астрахань қ. автожолының онтүстігіне қарай) жиналады. Төлдөйтін аналықтардың топталған жері - 2009-2010



Карта.  
2011 ж. ақбөкениң толдеу кезіндегі топталуының орналасуы  
(жасыл контур)

жылдары төлдеген мекендер яғни XX-ғасырдың 80-шы жылдарынын аяғында лақтарын жаппай туған жерлерге жақын, 2011 ж. төлдеу үшін топтанған жердің көлем 50 км<sup>2</sup> асты (картаны қара) және ол 2008 ж. мамыр айында топтанудың көлеміне сәйкес келді. 7-10 мамыр айындағы мол жауын басылған соң лактарды жаппай тууы 12 мамырда басталды. Жаппай төлдеу 16 мамырда бітті. Жаппай төлдеудің мерзімдері ФГУ «Центрохотконтроль» қызыметкерлеріның болжамынан онша көп айырмашилығы болған жоқ (төлдеуді 8-9 мамырда күткен еді). Олар болжамды ақбөкен популяциясын қыста (желтоқсан 2010 ж.) зерттеу нәтижесінде айтқан еді. Жаппай төлдеу фактісінің өзі-ак көбею кезінде өніп-өсу үшін популяция құрамында жыныстық жағынан жетілген текелері үлесі 2010 ж қысында келтірілген біздің мәліметтердің дұрыс екендігін көрсетті (10%-ке дейін күйлеудің басында және 5%-ке дейін күйге түсудің орта кезінде).

Лақтары туған алғашқы құндарі төлдеу мен туған лақтарының сактауына баға беру мақсатымен 6 адамнан тұратын орындаушылар группасы 5 күн ішінде (12-16 мамыр) жаяу жүріп, алдына қойылған мақсаттарды орындады. Бұл жұмыстар аналықтар өте көп жиналған жерлерде ФГУ «Центрохотконтроль» қолданатын методикамен өткізілді. Маршруттың жалпы ұзындығы 100 км шамасында болды, осында 240 жана туған (тірі және өлгені бар) лақтары есепке алынды. Лақтарының өлімі 4,2% болды; бұл көрсеткіш 2009 және 2010 жылдардағы осындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 2 еседей төмен болғаны байқалды. Жаппай төлдеу кезінде, қыска мерзімді өткінші жаңбырға қарамастан, ауа райы жақсы болды, ауа температурасының төмендеуі болған жоқ, сондыктанда лақтардың көбінің тірі қалуының басты себептерінің бірі осы болды.

Авиаучет группасы популяцияны сандық жағынан бағалау мақсатымен пилотсыз ұшатын аппаратты (БПЛА) пайдалану арқылы бірінші рет тәжрибелік жұмыстар жүргізген. БПЛА-ға Canon EOS-550 фотоаппараты бекітілген, сол арқылы жер көлемі 40 км<sup>2</sup> (санак жүргізу полосасының ені 363 м) жерде 4 мыңнан астам суреттер түсірілген. Аэрофотосъемка түсірудің ең жоғарғы биіктігі 600 м болды; бұл жағдайда түсірғен суреттердің сапасы да жақсы болды.

Ақбөкендер санын анықтау үшін (төлсіз) 17 мамырда төлдеу үшін топтанған андар периметрінде (көлемінде) жер бетінде бақылау санағы жүргізілді. Төлеу үшін топтанған участкіде, эксперттік баға мәліметі бойынша, ақбөкендер саны (бір жастан асқандары) 4 мыңнан кем емес екенін көрсетті; ал топтың зерттеу жүргізілмеген орталық бөлігінің жер көлемін коса есептегенде, бұл участокте ақбөкен саны 6 мыңдай деп бағаланды. Көбеюге қатыспаған аналықтарды және топтасқан группалар маңындағы еркектерін коса есептегенде және топтасуға косылмаған жеке группаларды да қоссақ, ақбөкеннің жалпы саны шамамен 7 мыңдай болды. Аталған бағалауға өте сақтықпен қарау керек, ейткені ол шамалап алған мәлімет және тек ол ақбөкен санының



Сурет В. Байдиевелі

#### БПЛА-ны жұмысқа дайындау

азайып бара жатқанын көрсетеді. Сонымен, Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен популяциясы саны әлі де депрессия күйінде екенін байқатады. Популяциондық көрсеткіштердің (өніп-өсу потенциалының төмендеуі, жыныстық-жастық құрылымның едәуір өзгеруі) сапа жағынан нашарлау белгісі анықталған жоқ. 2011 ж. жаппай төлдеу күйлеу кезінде жыныстық жағынан жетілген текелері өніп-өсуге жеткілікті екенін көрсетті, бірақ тиімді мөлшерден азда болып қалуы мүмкін.

Ақбөкен санының депрессия күйінде сакталуы бүкіл жыл бойында оның көп өлім-жітімге ұшырауынан болуы мүмкін. Өлім-жітімді азайту мақсатымен (2011 ж. лақтарының жақсы сакталуын еске алып) Солтүстік-Батыс Прикаспийде қасқыр санын азайту керектігі ұсынылды (оның санын ООПТ территориясында реттеу), браконьерлікпен құресуді қүшету, сонымен бірге табиги өрттерді болдырмас; 2011 ж жазында шоптердің көптігінен өрттің шығып кетуі мүмкін.



Сурет ФГУ «Центрохотконтроль»

#### Төлеу үшін топтанған участканың аэрофотосъемкасы

# Ақбөкеннің бетпақдала популяциясына санақ жүргізу үшін тепловизорлық және визуально-инструментальдық авиасъемканы аprobациялау

Салемгареев А.

Биоэртурлілікті сактаудың Қазақстандық ассоциациясы (АСБК), [albert.salemgareev@acb.kz](mailto:albert.salemgareev@acb.kz)

Қазірде АСБК РГП «Охотзоопром» және ҚР-сы АШМ-нің орман және аңшылық шаруашылық комитеттімен бірлесіп, тұрдің саны және биолого-экологиялық ерекшеліктері туралы дәлме-дәл мәліметтер алу мақсатымен ақбөкенге самолетпен санақ жүргізу методикаларын жетілдіру және алынған материалдарды өндөу жұмыстарын аяқтауда. Ол үшін Комитет санақ жұмысын жүргізу үшін АН-2 самолеті бортынан тепловизорлық съемкаларды пайдалана отырып, экспериментальды жұмыстарды аткаруды тапсырыды. Бұл әдіс 12 жыл бойы Ресейде теңіз сұтқоректілерінің орналасуы мен санын анықтау (бағалау) үшін қолданылады (қара: SN-8).

2011 ж. сәуір айында ПРООН/ГЭФ-тың Қазақстанда далалық экосистеманы сактау проектісі шеңберінде ақбөкеннің бетпақдала популяциясына санақ кезінде FLIR 325 тепловизораны аprobациялау үшін экспериментальдық үшү жұмысы жүргізілді. Жұмысты орындау үшін АН-2 самолеті арнаулы құрал-жабдықтармен жабдықталды; информациаларды жинау үшін бортолық автоматтандырылған система орнатылды және арнаулы құралдар комплексі: фото және видеоаппаратура, FLIR 325. Жұмысты Ресей Академиясының А.Н.Северцов атындағы экология және эволюция проблемалары Институтының мамандары АСБК қызыметкерлерімен бірлесіп аткарды.

Ақбөкендердің тепловизорлық съемкаларының нәтижелері мынаны көрсетті:

- Экспериментальдық авиасъемка уақытында алынған ИК бейнелеуінде ақбөкендердің жылу контрастісі әртүрлі болды. Таңертенгілік уақытта (9-дан 11-ге дейін, күн әлі де жерді қыздыра қоймаган уақытта), ақбөкендердің жылу контрасті жерге қараганда 3°- 5° жетті және жануарларды ИК бейнелеуінде жақсы үксатуға (білуге) болады. Күн кыза бастаған соң ақбөкендерді ИК бейнелеуден білу қыынға соғады және түстен кейін жылу съемка түсіру (сәуірде) тиімді емес (1-3 суреттер).

- Тепловизордың сезімталдығы мен кеңістікті қамтуы группадагы жеке ақбөкендерді 120 м білктікten тіркеуге мүмкіндік береді. Ал, одан үлкен білктікте тиімділік төмендейді (4-5 суреттер).

Сонымен, ақбөкендерді тепловизорлық авиасъемкаға түсіру – белгілі ауа райы жағдайында (күннің жылы және жауын-шашын жоқ кезде, желдің жер бетіндегі жылдамдығы 8 м/сек және оптимальды білктік 120 м аспауға тиіс) тиімді қолдануға болады. Қыста ақбөкендердің сүйк жер бетінде жылу контрастісі жоғары болуы ғажап емес, сондықтан да сол кездегі съемкалар тиімді болуы мүмкін (мысалы, тюленідер мұз бетінде). Еірақ бұл болжам зерттеуді қажет етеді. Жалпы алғанда, бұл методты қөттемегі уақытта қолдану пайдалы емес.

Жақсы нәтижелерді АН-2 самолетінен түсірілген ақбөкендердің фото және видео-съемкалары берді (1-5 суреттер). Ақбөкендердің фотосъемкалары 100 метрден 200 метр аралығындағы білктікten түсірілді. Алынған фотографиялардан жақсы тануға және топтағы ақбөкендерді санауға болады. Фотографиялардың




Фото 1.



Фото 2.



Фото 3.

**Фото 1-3.**  
Тәуліктің әртүрлі уақытында түсірілген (уақыт фотоның сол жағында көрсетілген) ақбөкендер группаларының қосылған суреттері № 1-3. Шуя білктігі 120 м.

сапасы тіпті аналыктары мен аталькаторын айыруға мүмкіндік берді. Бұл фотосъемкаларда кеңістік аралық 2-4 см болды.

Видеосъемка қосымша дәрежесінде болды. Оны қолдану мына мәліметтерді алуға көмектесті: ақбөкендердің кездейсоқ мінез-құлқы, оған әртүрлі факторлардың әсері (мысалы, браконьерлік). Сол себептен, ақбөкендерге самолетпен санақ жүргізу үшін Институттың мамандары визуально-инструментальный авиасъемка методын ұсынады. Ол мынандай:

- Орнатылған үш фотокамералармен Nikon D300s




Фото 4.

фотосъемкаға түсіру; ол ұшудың екі биіктігінде санак жүргізу полосаларының (енін) бірдей жасайды. Бұл жағдайда учет полосасының енін жоғары дәлдікпен бақылайды (ұшу биіктігіне сәйкес), фотосъемканың масштабын, ақбөкендердің ұшу линиясынан алыстауын да бақылайды.

• Самолеттың екі бортынан визуальдық бақылаулар, ұшу линияларынан ақбөкендердің алыстауларын өлшеу.

• Самолет координаттарын дәл фиксировать ету, ұшу биіктігі, аудио, фото и визуальдық информациялар және оқиганың болған мерзімдері.




Фото 5.

Фото 4-5.

Әртүрлі биіктікте (фото 4 - 180 м биіктік; фото 5 - 200 м биіктік) түсірілген ақбөкендер группаларының қосылған суреттері

## Басқыншақ көлі маңындағы ақбөкендер

Амосов П.Н.

Мемлекеттік табиғи қорық «Богдинско-Баскунчакский», Ресей; [pavel-amosov@yandex.ru](mailto:pavel-amosov@yandex.ru)

Басқыншақ көлінің маңындағы ақбөкендер Жайық-Еділ популяциясына жатады; оның негізгі бөлігі Қазақстан территориясын мекендейді. Бұл территория Еділ өзенінің сол жағалауында Прикаспий ойпатының солтүстік бөлігінде орналасқан және Прикаспий жартылай шөллейтті аймағында жатыр. Осында «Богдинско-Баскунчакский» қорығы және осы аттас қорықша ұйымдастырылған.

Басқыншақ көлінің шығыс жағалауы арқылы ақбөкендердің дәстүрлі қоныс аудару жолы өтеді; мұнда соңғы оншақты жылдар ішінде ақбөкен сирек кездесетін түрге айналды. Бірақ бұрын Басқыншақ маңында ақбөкендердің саны көп болатын. Жергілікті аңшылардың мәліметтері бойынша, 1992 ж. көктемінде көлдің шығыс жағалауымен қоныс аударып келе жатқан тұқытывардың саны шамамен 50 мындаі болатын. 1994 ж. көктемінде осында Астрахань облысы территориясында жалғыз-ақ ақбөкендердің жаппай төлдеу орны орналасты. Одан кейінгі жылдары түрдің саны тым азая бастады және бұл территорияда тек азғана топ және жеке ақбөкендер ғана көзге шалынды. Мысалы, 2001 ж. шілдесінде осында 11, 10, 6 және 5 аң ғана кездесті (картаны қара). Бір ақбөкен 2003 ж. мамырында және 2004 ж. сәуірінде кездессе, ал 2004 ж. шілдесінде онда ақбөкендердің іздері ғана байқалды. 2005–2006 жж. қорық пен қорықша территорияларында ақбөкенді бақылаған жоқпыз, ал 2007–2008 жж. қорықтың ғылым белімінде маман жоқ болғандықтан

бақылау болған жоқ. Ақбөкендерді бақылау 2009 ж. қайта басталды және шілде айында 2-3 айның ізі көрінді. 2010 ж. маусымынан қыркүйекке дейін ақбөкендерге бақылау жүргізілді. Маусымда 7 ақбөкен кездесті, шілдеде көптеген іздер көрінді; әркайсысында шамамен 8 аң бар екі шағын топ тамызда кездессе, көптеген іздері қыркүйек айында байқалды. 2011 ж. қантар-ақпан айларында бізге ақбөкеннің бір ересек текесін көрудің сәті түсті.

Аталған территорияға жануарларды қорғау статусы берілгенмен де, биоталарды сақтау проблемасы сакталып қалды. Қаржының жетіспеуінен қорықта және қорықшада қорғау қызметкерлерінің штаты қысқарды, жолсыз жолдарда оңай жүретін автокөліктерде жетіспейді. Қорық пен қорықша инспекторлардың бақылау жүргізулерінде аттар пайдаланбайды.

Бұрын - Басқынасақ көлінің маңында алдымен қорықша, одан соң қорық ұйымдастырылғанда дейін жыртқыштық жолмен, жасырын (тік ұшақпен аң аулау, мотоциклмен қуып жүріп аң аулау және т.б.) заңсыз ақбөкенге аңшылық жасау сирек кездесетін оқиға болған жоқ. Соңғы жылдары ақбөкенді браконьерлік жолмен ұстай туралы мәлімет жоқ. Бірақ Верхний Баскунчак поселкасының тұрғындарының айтуына қарағанда, 2010 ж. күзінде, ал оның алдыңғы жылдары Актубинск қаласында заңсыз жолмен Қазақстаннан әкелінген ақбөкеннің етін сатқан. «Прожектор» газетінде (Ахтубинск қаласында шығатын) ақбөкен мүйіздері

сатылады деген хабарландыру жарияланды. Бұл фактілер Астрахань облысында, сондай-ақ көрші Қазақстан территориясында да жасырын аң аулау бар екендігін дәлелдейді.


Қазірде Басқыншақ көлі маңынан ақбөкендер жойылып кетті деп айтуға болады. Оның санын бұрынғы қалпына келтіру үшін көп уақыт қажет, сонымен бірге табигат қорғау үйімдары мен жергілікті тұрғындардың көп күш жүмсауларын керек етеді.

Соңғы жылдары Ахтубинск ауданында социальдық-экономикалық жағдай өте қызын. Экономикалық кризис кезеңінде Нижний Баскунчак поселкасында тұз өндіретін кәсіпорында қысқарту эсерінен сол маңдағы поселкалардың (Нижний и Верхний Баскунчак) тұрғындары жұмыссыз қалды (Приволжск темір жолы участкісінің ОАО «Руссолъ» кәсіпорны болатын). Бұл жағдай жабайы жануарларды, оның ішінде ақбөкендерде бар, жергілікті тұрғындардың аулауын тудырды.

Бұл кезеңде жабайы жануарларға және жалпы табигатқа сактықпен қарауды үгіттеу аса маңызды болды. Ақбөкенді қорғауды тиімді ету үшін оны Астрахань облысының Қызыл кітабына енгізу пайдалы болар еді; бұл түрді зерттеу и қорғау шараларын жүзеге асыру қажет.

Богдинск-Баскунчақ мемлекеттік табиги қорығының қызметкерлері жоғары оқу орындары мен жергілікті тұрғындар арасында түрді қорғау жөнінде насиҳат жұмыстарын жүргізеді. Бірақ әлі де бұл жұмыс шағынғана жүргізіп, аудан тұрғындарын аз мөлшерде қамтиды, ол онша тиімді емес. Богдинск-Баскунчақ қорығы мен осы аттас қорықша негізінде Қазақстан территориясындағы осындай үйімдармен бірлесіп, ақбөкенді сактау мен зерттеу үшін траншекаралық ерекше қоргалатын территорияны үйімдастыру дұрыс болар еді.

Жұмыс ақбөкенді сактау Альянсының кіші гранттар программысы бойынша орындалды (2010-2011 жж.).



Карта.

2001-2004 жж. Басқыншақ колінің маңында кездескен ақбөкендер (облыста - 1-3; нүктелерде - 4-6) және 2010-2011 жж. (нүктелер - 7-11)

## Ақбөкенді сактау Альянсының SWOT-анализі

*Keri Roadc*

Лондонның Империал колледжі, [cgrhoades@cheerful.com](mailto:cgrhoades@cheerful.com)



1990-шы жылдардан бастап табигат қорғау үйімдарына қойылатын талаптар өсуде; олар жұмыстарында жақсы нәтижелер көрсетулері керек және

Инвесторлар берген қаржыларды дұрыс пайдалануы қажет. Көптеген қайрымдылық үйімдар басқа секторлarda, мысалы, кедейшілікпен күресу, бағалау инструменттерін қызметтерінің мониторингін көрсету үшін пайдаланады, сол арқылы инвесторларға олардың жұмыстары жемісті екенін көрсетеді. Және бұл қайрымдылық үйімға өз жұмыстарында қандай жағынан жақсарту керектігі айтады. Бірақ табигат қорғау үйімдары бұл салада қалып қойған.

Мониторингтың пайдалы жағын көрсету үшін және табигат қорғау үйімдарды бағалау үшін ақбөкенді сактау Альянсының SWOT-анализы орындалды.

SWOT-анализ<sup>1</sup> – бұл стратегиялық жоспарлау инструменті; коммерцияда жиі қолданады. Ақбөкенді сактау Альянсымен (ACC) жұмыс істеген адамдар ACC-тың күшті және әлсіз жақтары қандай, оның сыртқы мүмкіндігі мен тәуекелдері туралы анкетаны (вопросник) толтыруды сұрады.

Нәтижелері мынаны көрсетті: ACC-тің күшті жақтары - оның басшы комитеті мен камкорлық (попечитель) советі; олар кең ғылыми және практикалық тәжрибелерді біріктірді: *Saiga News* арқылы мәліметтерді тарату мүмкіндігі ақбөкенді сактау саласында жұмыс істейтін басқа адамдармен табысты серіктесіп қызметтер атқаруы (партнерство). Бұл серіктік ең үлкен мүмкіндік болып табылады. ACC-тің серіктестіктерге комектесуге үлкен мүмкіндігі бар, есірепе проектілер үшін қаржылар алуға халықаралық

<sup>1</sup> SWOT-анализ – структуралар құру системасы және болған оқиғалар, ситуациялар және т.б. туралы мына критерияларға негізделген мәліметтерге одан әрі талдау (анализ) жасау: Strengths (жақсы жағы, артықшылығы), Weaknesses (әлсіздігі, кемшілігі), Opportunities (мүмкіндігі) және Threats (каупі, тәуекел). Бизнес-жоспар жасауда және алғашкы стадияда шешім қабылдау үшін колданылады.

және жергілікті дәрежеде статустарын өсуге және ақбөкенді сактау проектілеріне қатыстыруды үйимдастыруға көмектеседі. ACC үшін шектеуіш факторлар: қаржының жетіспеуі және әкімшілік қолдау. Осы мәселелерді шешу маңызды міндеттер болып табылады. Осындай әлсіз жақтарын азайту үшін әкімшілік жұмыстарға көмектесу мақсатымен волонтерлерді (еріктілерді) тарту қажет және доноңлар үшін бюллетенъ шығаруда ACC қызметіне жаңа спонсорлерді тартуға көмектеседі және бюллетеннің маңызын күшейтеді және жаңа қаржылар табуға есеп етеді. ACC қызметіне үлкен қауіп-бұл, шынында,

ақбөкендерге тұған қауіп, мысалы, браконьерліктің жаппай етек алуы, ұйымдастыру мәселелері емес.

SWOT-анализдің жай және пайдалы инструмент есебінде үлкен патенциалы бар, әсіресе, ACC сияқты табигатты қорғау үйимдарының атқарған жұмысын бағалау үшін. Жалғасып жатқан бағалау ACC-ке алдағы бесжылдық жоспарды орындауға көмектеседі және жалпы мақсатқа «Қоғамдар үшін жойылып кету қаупінде тұрган тұрлардің бірі есебінде - ақбөкенді қорғап, сактауга және жүртшылықты осы жануарларды сактау рухында тәрбиелеуге» жеткізеді.

## Ақбөкен – олардың өмірлік ісі

### Өзің сүйген іспен жанынды беріп істеу – сонда нәтижеге өзінде сүйсінесін

**Редакциядан:** Бұл номерде біз телефон арқылы алынған жануарларды өсіру жөніндегі техник Аслана Байдельдиновпен болған интервьюді жарияладап отырмыз. Ол 2003 жылдан Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығында жұмыс істейді.

**Ред.:** Аслан, қалай Сіз ақбөкенді сактау жұмысымен айналысады бастадыңыз?

**Аслан:** Жас кезінен жануарларды өте жақсы қоремін. Үйде үрек, қаз, сиыр, кой ұстадық және әке-шешеміз күн сайын жануарларды құту еңбегіне тәрбиеледі. Өзіміздің барлық жануарларды «бетінен»-ақ танитын болдым әрі әрқайсысының өздерінің аттары бар. Ал, ақбөкендерді бірінші рет бастауыш мектепте оқып жүргенде көрдім. Ол кезде олар көп болатын және жиі біздің поселканың жанынан жүгіріп өтетін. Сонда бірінші рет көргеннен-ақ оларды мен жақсы есте қалдырым, олардың жүгіру жылдамдығы және дала өнірінде тіршілігі естен кетпейді. Сондықтан да, маған ақбөкен питомнигінде жұмыс істеуге мүмкіндік туғанда, ешбір қобалжу болған жоқ. Мынаны айтудың керек – менің жолым болды; тек қана сүйікті жұмысыммен айналысумен қатар питомникке жиі келетін Ресейдің және одан басқа да шет елдерден келетін галымдарымен және мамандарымен танысуға мүмкіндік берді. Қонақтар питомник жұмысын жоғары бағалағанда, өте қуанамын және мақтанамын, өйткені ақбөкендер үшін «баспаңа» кішкентай питомниктің табысты жұмысында менің де улесім барғой.

**Ред.:** Сенің күнделікті жұмысың қалай басталады?

**Аслан:** Менің жұмысымда өте күшті ерекшелік жоқ. Әдette менің күнделікті жұмысым – жұмыстың бірнеше түрінен басталады. Тұске дейін – ақбөкендерді құту, тамақтандыру, вольерді тексеріп шығу. Одан кейін шаруашылық жұмыстары – шөп дайындау, темір торларды жөндеу, вольерлердің ішін тазалау жән т.б. Тұsten кейін немесе кешке карай питомникті қорушілер келеді, оған дейін барлығын дайындал қоямыз. Әдette, басқа жұмыстардан бос болсам, онда вольерлер бойынша экскурсия жүргізуі ұнатамын және өзіміздің өсіріп отырган ақбөкендер туралы әнгімелеп беремін.

**Ред.:** Бізге ақбөкеннің қандайда-бір қызықты тарихы туралы айтып бере аласыз ба?



Сурет Н. Архивная

**Жетім қалғандар «Жаңа мама» тапты - Аслан өзінің кішкентай питомцарамен**

**Аслан:** Айтуда болады. Хар-Булук поселкасындағы біздің бірінші уақытша питомникten бізге ақбөкендерді әкелген алғашқы кезде оларды азықтандыру, вольерді жинау және бақылау үшін вольерге кірерде мұрынымнан кез-келген өлеңді әруақытта айтып жүрдім. Әдette ақбөкендер қасымда болды. Біраз уақыт өткен соң, өлеңдете вольерге ене бергенде едәуір өсе

бастаған ақбөкендер өздеріне таныс мотивті естеген алыста тұрған ақбөкендер тордың ішінде маған қарай жүгіре түсті. Менімен қатар жүріп, кормушканы (астауды) іскеді. Мен оларға астауга азық салдым. Міне мен сонда түсіндім, ақбөкендер менің дауысыма үйренген және оны олар жаксы біледі. Міне осыдан кейін қалай айта аласың ақбөкендер жабайы деп...

*Ред.: Ақбөкендерден саған бәрінен бұрын не ұнайды?*

*Аслан:* Ақбөкендерден бәрінен бұрын маған ұнайтыны – олардың мінезі. Сондай тәқаппар еркін. Олардан шығатын энергияны, тіршілік күшін сөзбен жеткізу киын. Оны сондай сезу кажет...

*Ред.: Сіздің жұмысындағы басты проблемалар қандай?*

*Аслан:* Эрине, проблемасыз болмайды. Негізгі – бұл, негізінен, мемлекет тараапынан кең қолдау (тек қаржы жағынан ғана емес) болса деймін. Өйткені қазірде табигатта құбылыстар сондай қиын жағдайда. Даламызда ақбөкендер күн сайын азайып барады...

*Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы кедергілерді қалай жоюға болады?*

*Аслан:* Жұмыстағы кез-келген кедергілерді (сенің немен шұғылданғаныңа қарамастан), менің ойымша, тек қажырлы еңбегіңмен, жауапкершілікпен және құштарлықпен жоюға болады. Кезкелген жұмыспен жаңыңмен беріліп істеу керек; сонда ғана нәтиже өзің ойлагандай болады

*Ред.: Сіздің жұмыста ең жақсысы не?*

*Аслан:* Біріншіден, бұл өзің сүйеттің іспен айналысу көне дәүірден келе жатқан антилопаны сақтағанға өзің қуанасың; сонда ақбөкендерді балаларға көрсете аласың. Жақсы кезкелген кітапшалар мен картиналарды оқып, көргенше – көзбен ақбөкендерді көру көп артық. Екіншіден, әртүрлі елдерден келген адамдармен әңгімелесуге мүмкіндік береді. Ушіншіден, менің жұмысым ығыр болатын, зерігетін жұмыс емес. Бұл Ресейде бірінші рет ұйымдастырылған ақбөкендерді есіру питомнігі той.

*Ред.: Ақбөкендер үшін, сіз бер сіздің коллегаларың үшін келешекке үміттеріңіз қалай?*

*Аслан:* Табигатта ақбөкендер санының қыскаруы тоқталады деп үміттенеміз. Халық үшін ақбөкен аныға айналмаса екен.

## Проектілерге шолу

### Ақбөкенді сақтау Альянсы проектілерінің жаңалықтары

Э.Дж. Милнер-Гулланд, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)



people's trust for endangered species |

2010 ж. к

Ақбөкендерді сақтау Альянсы үш негізгі экспедициондық проектіні орындады: Өзбекстанда ақбөкенді сақтау, жергілікті тұрғындардың катысымен Прикаспийде ақбөкендердің таралу мониторингі және Қазақстанның Орал регионында жұртшылықты ақбөкенді сақтау жұмысына тарту.

Өзбекстанда орындалған проект бұл регионда жабайы табигатты сақтау Сетінің (WCN) қаржыландыруымен орындалып жатқан ұзақмерзімді жұмыстың жалғасы болып табылады; қосымша қолдау Disney Coins for Change, ал 2011 ж. маусымнан бастап Уитли (WFN) фондысы да қаржыландырады. Проект басшысы Елена Быкова (Зоология Институты ӨзбГА-сы).



صندوق محمد بن زايد  
للمحافظة على الكائنات الحية  
The Mohamed bin Zayed SPECIES CONSERVATION FUND

Прикаспийде орындалып жатқан проектіні Раффорда (Rufford Foundation) қаржыландырады; қосымша қолдау Мухаммеда бен Зиеда (MBZ) фондысы. Проекттің басшысы проф. Юрий Арылов (Республика Қалмақияның жабайы жануарлар Орталығы) Анатолий Хлудневтің катысымен ("Степной" корықшасы Астрахань облысы).

Оралда проекттің SOS Species Fund фондысы және жойылып бара жатқан түрлердің халықтық тресті (PTES) қаржыландырады. Оның басшысы – Ольга Климанова (биоәртүрлілікті сақтаудың Қазақстандық ассоциациясы).

Барлық үш проектіде Лондонның Империал колледжімен (Imperial College London) тығыз байланыста орындалуда; ғылыми зерттеу жұмыстарының белгілі бөлімін жергілікті партнерлермен бірігіп, аталған колледждің студент-магистранттары орындаиды. Осы үш проекттің орындалу нәтижелері Saiga News келесі нөмерінде жарияланатын болады.

# Жаңа басылымдар

(жұмыстарды мамандар мен жүртшылықтың іздеуіне қолайлы болуы үшін қай тілде жарияланса, сол тілде беруді жөн көрдік)

**Хов К., Меджидов Р., Милнер-Гулланд Э.Дж.** (2011) Оценка относительной эффективности влияния альтернативных природоохранных действий на устоявшееся поведение людей: на примере сохранения сайгака в Калмыкии. *Oхрана природы [Environmental Conservation]* **38**, 37-44.

Мы опросили 250 человек из 8 поселков Северо-Западного Прикаспия о том, сколько денег они были бы готовы вложить в сохранение сайгака, чтобы оценить меру их готовности участвовать в охране природы. В этих поселках проводились разные природоохранные мероприятия; одни участвовали в социально-направленных проектах, другие расположены вблизи ООПТ, где охраняется сайгак, некоторые получали информацию о сайгаке только из прессы. Сумма денежного вклада зависела от того, на что они могли бы быть потрачены. Была готовность вложить деньги в социальную сферу, но суммы были очень малы. В среднем самое большое количество вкладов пришлось на работу СМИ, особенно среди тех людей, которые проживали вблизи охраняемых территорий. Число людей, готовых вложить деньги в охрану природы было меньше, чем тех, кто ничего не обещал. Те, кто ничего не предложил, сказали, что в охрану природы должны вкладывать деньги государство и международные организации. Наши статистические модели учитывали влияние различных факторов на сумму вклада, таких как длительность проживания в поселке, возраст, благосостояние и знания о сайгаке. Показано, что работа СМИ успешно меняет отношение людей к готовности внести вклад в охрану природы.

**Сингх Н., Милнер-Гулланд Э.Дж.** (2011) Мониторинг копытных в Центральной Азии: современные препятствия и будущий потенциал. *Oryx [Oryx]* **45**, 38-49

Нами был проведен обзор существующих методов мониторинга копытных в Центральной Азии, установлены практические и институциональные проблемы эффективного мониторинга. Методы, основанные на различных критериях, разбиты на категории так, чтобы исследователи могли лучше планировать мониторинг, подходящий для исследуемого вида. Обзор был сделан, в том числе, и на примере сайгака. Рекомендуется подкреплять научные исследования возросшим участием в мониторинге местных жителей. Будущее мониторинга копытных в Центральной Азии коренится в полном осознании имеющихся ошибок и отклонений в программах и методах мониторинга, вложении больших сил и средств

и улучшение понимания достоверных научных методов и апробирования теории на практике.

**Тайлер С. Кун и Арие О Моэрс.** (2010) Сайгаки, исчезнувшие в тайге. *Молекулярная экология [Molecular Ecology]* **19**, 4834-4836.

Биологи, занимающиеся охраной природы, понимают, что связь демографической истории вида, находящегося под угрозой вымирания, с биотическими и абиотическими факторами должна помочь нам составить прогноз последствий продолжающихся изменений. Параллельно исследователи начали использовать генетическую информацию (аДНК) древних животных для изучения демографической истории ряда видов, найденных среди ископаемых плейстоцена. Однако исследования на основе аДНК в основном фокусировались на идентификации долгосрочных тенденций, которые были связаны с изменениями климата и деятельностью человека на начальном этапе. Популяционные тренды более близкого периода, например голоцен, исследованы недостаточно, частично в связи с аналитическими ограничениями. Кампос и др. (2010а) в исследовании демографических моделей сайгака *Saiga tatarica* за последние периоды отводят главное место потенциалу аДНК. Это открывает возможность объединить исторические и современные демографические данные для получения непрерывных данных по этому виду.

**von Meibom S., Vaisman A., Neo Liang S.H., Ng J., Xu H.** (2010) Торговля дериватами сайги: мировые тренды с упором на Юго-Восточную Азию. Отчет TRAFFIC Секретариату СИТЕС. TRAFFIC Europe

Спрос на рога сайгака в Китае и странах Юго-Восточной Азии и нелегальная международная торговля рогами – едва ли не основной фактор катастрофического сокращения численности этой степной антилопы. В отчет, подготовленный Международной программой TRAFFIC, вошли общий обзор мировой торговли дериватами сайги, более детальный анализ рынка в Малайзии, Сингапуре и Китае. Для последней страны, как важнейшего импортера рогов, представлен также анализ торговых запасов рога и управления этими запасами. Дополнительно рассмотрены статус основных популяций сайги, уровень браконьерства и незаконной торговли в Казахстане, России и Узбекистане. В электронном виде (в формате pdf) отчет доступен на сайтах:

[www.iucn.org/dbtw-wpd/edocs/Traf-115.pdf](http://www.iucn.org/dbtw-wpd/edocs/Traf-115.pdf) и  
<http://savesteppe.org/ru/archives/842>



Султ Евған Кіребелеберов

#### Ақбөкендердің аналықтары лақтарымен бірге

##### Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы оның қызметтін соңғы 6 ай ішінде қолданған адамдардың барлығына шын алғысын айтады; атап айтқанда Кеннон және Бобу Хадсонга, Джесеффи Флокенга және IFAW фондысына ақбөкенді сақтап қалудағы тұрақты көмектері үшін. Үлкен құрметтімізді Фонд Дисней Канада, Пингвин клубына, Уитли Фондысына Өзбекстандағы біздің білімдік және үгіт – насихат жұмыстарымызды, Раффорд фондысын және MBZ-ны Ресейдегі ақбөкенді қорғау жұмыстарымызды, PTES және SOS фондыларын Қазақстандағы Орл проектісін қолданғаны үшін, ал CIC-ші біздің кіші гранттар программасын қолданғаны үшін білдіреміз. Біз WCN қызметкерлеріне және ерекше Стэси Айверсонга оның тұрақты қолдауы, тамаша идеялары және біздің жұмысымызды көмектесетін советтері үшін үлкен алғысымызды айтамыз.

Осы нөмердің шығуына көмектескен WCN, MBZ, WWF-Монголия және WCS-Қытай сияқты үйимдарға да үлкен алғысымызды білдіреміз.

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империал Колледж Лондон ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: проф. А. Бекенов және Ю. Грачев, Зоология институты ([teriologi@mail.ru](mailto:teriologi@mail.ru)), О.Климанова, АСБК ([olga.klimanova@acbk.kz](mailto:olga.klimanova@acbk.kz)); Қытай: А.Кан, WCS Қытай ([akang@wcs.org](mailto:akang@wcs.org)), Г. Цзян, British Consulate-General Guangzhou ([gzhang@wcs.org](mailto:gzhang@wcs.org)); Монголия: Б. Лхагвасурен, және Б. Чимеддорж, WWF-Монголия ([lkhagvasuren@wwf.panda.org](mailto:lkhagvasuren@wwf.panda.org); [chimedдорj@wwf.mn](mailto:chimedдорj@wwf.mn)); Ресей: А.Лущекина, Экология және эволюция проблемалары Институты ([rusmabcom@gmail.com](mailto:rusmabcom@gmail.com)) және проф. Ю. Арылов, Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар Орталығы ([kalmsaiga@mail.ru](mailto:kalmsaiga@mail.ru)); Өзбекстан: Е. Быкова [жаяупты редактор] және А. Есипов, Зоология институты ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарынызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберуге болады [esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Ағылшын және орыс тілдеріндегі авторлар ережесін мынадан табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе сұрау арқылы редакторлардан алуға болады. Егер сіздерде сұрақтар болса, *Saiga News* өз елдеріндегі редактормен байланысуға болады немесе жаяупты редактор Елена Быковамен хабарласуға болады ([esipov@xnet.uz](mailto:esipov@xnet.uz)).

Бұл басылымды мынадай онлайннан табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf> pdf, форматында, немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, монгол, орыс және өзбек тілдерінде өздерінің сұрауларын бойынша алуға болады.